ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

30 қаңтар 2024 жыл №4712-24-00-2/21 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ш.Тленов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Маңғыстау ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
ИП Испанова басшысы Испанова Камажай Конгратбаевна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану,
2) тұрақсыздық айып өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Маңғыстау ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жауапкер ИП Испанова басшысы Испанова Камажай Конгратбаевнаға келтірген мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айып өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

ИП Испанова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

ИП Испановадан мемлекет пайдасына 6000 (алты мың) теңге тұрақсыздық айыбы және 1905 (бір мың тоғыз жүз бес) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Ш.Тленов

Құжатқа қол қойылған: Тленов А. Ш., 06.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 15.03.2024, судья Тленов А. Ш., 18.03.2024

4712-23-3-1/4492